

Б.С. Жұмағұлов *¹, Л.Б. Бердығужин ², Г.Б. Қамиева ³

¹ т.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,

Алматы, Қазақстан Республикасы. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru,

² т.ғ.д., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры,

Атырау, Қазақстан Республикасы. E-mail: berdyguzhin@mail.ru

³ Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
«Тарих» кафедрасының аға оқытушысы. Ақтау қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: alpakon02092000@mail.ru

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕС: КЕЗЕҢДЕРІ, НЕГІЗГІ ШАЙҚАСТАРЫ, ӘСКЕРИ ТАКТИКАСЫ (1836-1838 жж.)

Аңдатпа

Қазақ халқының өткен тарихында азаттық жолында болған көтерілістердің алатын орны ерекше. Осы көтерілістер тарихын сараласақ негізінен басты мақсаттары халық азаттығы, ел дербестігі болғанмен көтерілістердің жүрісі, кезеңдері және көтерілісшілер ұстанған соғыс тактикасында айырмашылықтар бар. Кеңестік тарихнамадағы көтерілістерге берілген «шаруа-лар соғысы», «басбұзарлық әрекеттер», немесе «монархиялық» деген тұжырымдарды көтеріліс тарихын шынайы зерттеп, ой қорытқанда ғана әр көтерілістің жүрісі мен тактикасы әртүрлі болғанмен, негізгі мақсаты ел тәуелсіздігі екенін байқаймыз, мойындаймыз. 1936-1839 жылдар-дағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған халық күресінің басты идеясы да ел мен жер үшін шайқас еді. Көтеріліс туралы соны зерттеулер арқылы оның екі кезеңнен тұратыны, көтерілісшілер мен жазалаушы әскер арасында негізгі екі ірі шайқас Тастөбе шайқасы мен Ақбұлақ шайқасының өткенін, көтерілісшілердің соғыс жүргізу тактикасында, қару-жарақтарында да өз заманына сай ерекшеліктер болғанына көз жеткіздік.

Әрине, көтеріліс нәтижелі болуы үшін оны жақсы ұйымдастыру, қару-жарак, азық-түлігін толық сайлап және ұрыс барысында жазалаушы әскерге қарсы қолайлы соғыс тактикасы мен стратегиясын ұтымды пайдалана білу ұрыс тағдырында шешуші рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісшілердің әскери өнеріне назар аудару маңызды.

Кілт сөздер: Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Тастөбе шайқасы, Ақбұлақ шайқа-сы, Бөкей Ордасы, подолковник Геке, көтерілісшілер, жазалаушы әскер

Алғыс айту: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстанның батыс өңірінің әскери тарихы (XVIII-XX ғғ.)» (тіркеу нөмірі: АР19679667) гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру аясында дайындалған.

Жұмағұлов Б.С. *¹, Бердығужин Л.Б. ², Камиева Г.Б. ³

¹ к.и.н., профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая,

Алматы, Республика Казахстан. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

² д.и.н., профессор Атырауского университета им. Х.Досмұхамедова,

Атырау, Республика Казахстан. E-mail: berdyguzhin@mail.ru

³ Старший преподаватель кафедры «История»

Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова.

г. Ақтау, Республика Казахстан

ОСВОБОДИТЕЛЬНАЯ БОРЬБА В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ: ЭТАПЫ, ОСНОВНЫЕ СРАЖЕНИЯ, ВОЕННАЯ ТАКТИКА (1836-1838 гг.)

Аннотация

В прошлой истории казахского народа восстания на пути к свободе занимают особое место. Если проанализировать историю этих восстаний, то основными целями являются освобождение народа и независимость страны, но есть и различия. в ходе восстаний, их этапах и тактике повстанцев, или «монархических» понятиях, только когда мы по-настоящему изучаем и размышляем над историей восстания, мы замечаем и признаем, что главной целью каждого восстания является, независимость страны, хотя курс и тактика разные. Основной идеей народной борьбы под руководством Исатая Тайманулы и Махамбета Утемисулы в 1936-1839 годах была борьба за страну и землю. В ходе исследований о восстании установлено, что оно состояло из двух этапов, двух основных. сражения между повстанцами и карающей армией, битва при Тастобе и битва при Акбулаке, велись повстанцами. Мы убедились в наличии особенностей в тактике управления и вооружении для своего времени.

Безусловно, ключевую роль в судьбе боя играет хорошая организация восстания для его результативности, полный подбор вооружения, продовольствия и умение рационально использовать в ходе боя приемлемую тактику и стратегию войны против карающей армии.

Поэтому важно обратить внимание на боевое искусство повстанцев во главе с Исатаем Таймановым и Махамбетом Утемисовым.

Ключевые слова: Исатай Тайманулы, Махамбет Отемисулы, Битва при Тастобе, Битва при Акбулаке, Бокейская Орда, подполковник Геке, повстанцы, карательная армия

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта грантового финансирования Комитете науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Военная история западного региона Казахстана (XVIII-XX вв.)» (регистрационный номер: AP19679667).

Zhumagulov B.S. ^{*1}, *Berdyguzhin L.B.* ², *Kamieva G.B.* ³

¹*Candidate of historical sciences, professor of the Kazakh National Pedagogical University named after. Abay, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru*

²*Doctor of History, Professor, Atyrau University named after. H. Dosmukhamedova, Atyrau, Republic of Kazakhstan. E-mail: berdyguzhin@mail.ru,*

³*Senior Lecturer, Department of History, Caspian University of Technology and Engineering named after Sh.Essenov. Aktau, Republic of Kazakhstan e-mail: alpakon02092000@mail.ru,*

LIBERATION STRUGGLE IN BUKKEEVSKY HORDE: STAGES, MAIN BATTLES, MILITARY TACTICS (1836-1838)

Abstract

In the past history of the Kazakh people, uprisings on the path to freedom occupy a special place. If we analyze the history of these uprisings, the main goals are the liberation of the people and the independence of the country, but there are also differences. during the uprisings, their stages and the tactics of the rebels, or "monarchic" concepts, only when we truly study and reflect on the history of the uprising, we notice and recognize that the main goal of each uprising is. the independence of the

country, although the course and tactics are different. The main idea of the people's struggle under the leadership of Isatay Taymanuly and Makhambet Utemisuly in 1936-1839 was the struggle for the country and land. In the course of research on the uprising, it was established that it consisted of two stages, two main ones. battles between the rebels and the punitive army, the Battle of Tastobe and the Battle of Akbulak, were waged by the rebels. We are convinced of the presence of features in the tactics of management and weapons for their time.

Of course, the key role in the fate of the battle is played by the good organization of the uprising for its effectiveness, the complete selection of weapons, food and the ability to rationally use acceptable tactics and strategy of the war against the punishing army during the battle.

Therefore, it is important to pay attention to the martial art of the rebels led by Isatay Taimanov and Makhambet Utemisov.

Key words: Isatai Taimanuly, Makhambet Otemisuly, Battle of Tastoba, Battle of Akbulak, Bokei Horde, Lieutenant Colonel Geke, rebels, punitive army.

Acknowledgment: The article was prepared as part of the implementation of a scientific project of grant funding by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Military history of the western region of Kazakhstan (XVIII-XX centuries)" (registration number: AP19679667).

Кіріспе.

1830 жылдары қазақ жері арқылы Орталық Азия елдеріне қарай әскери жылжыған Ресей отаршыл әскер қосындарын қалтыратып әуре-сарсаңға түсіріп көп уақыт бөгет болған Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған азаттық күресі ұлттық төл тарихымызды жазуда ерекше мәнге ие. Ұлт-азаттық және әлеуметтік теңдік үшін қолдарына қару алған көтерілістің Қазақстанның батыс аумағын қамтып, бірнеше жылға созылуы көтерілісшілердің мұздай қаруланған кәсіби жазалаушы әскерге қарсы тұруы, сөз жоқ көтеріліс көсемдері ұстанған соғыс тактикасына тікелей байланысты болды.

Жайық казак-орыс әскері, Астрахань казак орыс әскері, Орынбор, Орск гарнизоны әскери-лері және Бөкей ордасы ханының жасауылдары сияқты, соңғы үлгідегі қару жарағы бар біріккен әскери қосынмен шайқаста Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының, олар-дың жауынгер серіктерінің жеке ерлік істері мен қол басқару өнерінің жоғары болғанын байқаймыз. Патшалық Ресей тарихында да, одан кейін Қазан төңкерісі нәтижесінде дүниеге келген Кеңестік тарихнамада да бұл мәселе таптық идеологияның талабына сай тек бір жақты бағаланып келді. Тәуелсіздікке қолымыз жетіп, тарихымызға жаңаша көзқарас тұрғысынан қарай бастаған сәтте, айналымға енген архив деректері тарихымызды, ондағы оқиғаларға жаңаша баға беруге мүмкіндік туып отыр. Көтеріліс тарихындағы ірі екі шайқас Тастөбе және Ақбұлақ шайқастары нәтижесінде көтерілісшілер толық талқандалып, жеңілген жоқ. Бұл турасында орыс жазалаушы әскер қосынын басқарған подполковник Геке де «көтерілісшілерді кездейсоқ жеңгенін» мойындап Орынбор губернаторына мәлімдеме жазуы нақты айғақ бола алады. Көтерілісшілер қару жарағы мәселесі де нақты саралауды қажет етеді. XIX ғасырдың орта тұсындағы көтерілісте, күнделікті «ер қаруы - бес қарудан» бөлек отты қару болғаны да белгілі. Махамбет Өтемісұлы шығармаларындағы «орама мылтық» термині мен Махамбеттің көршілес Хиуа еліне сапары да, сөз жоқ соңғы үлгідегі қаруға көтеріліс басшыларының ерекше мән бергенін көрсетеді. Исатай Тайманұлы жазалаушы әскерді жеңу үшін, алдыңғы қатарлы қару керек екенін жақсы түсінді.

Материалдар мен әдістемесі

1836-1838 жылдардағы Қазақстанның батыс аймағын қамтыған қуатты азаттық күрес тарихы туралы зерттеу еңбектерін бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі негізгі деректі еңбек Н.Ф. Савичев [30] және қазақ демократиялық қоғам-дық ой өкілдері С.Бабажанов [6], М.Бекмұхамедов [5] жазбаларында кездеседі. Одан кейінгі, кеңестік кезеңде азаттық күрес тарихы барынша зерттеу нысанына айналды. 1920 жылдары жазылған Г.Сербаринов [32], А.Ф. Рязанов [29], Х.Досмұхамедов [11] еңбектерін 1930-1940 жылдары С.Ж. Асфендияров [3], М.Ақынжанов [2], М.Якунин [37], М.Вяткин [9],

В.Ф. Шахматов [35] зерттеулері толықтырды. Исатай-Махамбет бастаған халқымыздың азаттық күресі 1960-1980 жылдары жазылған еңбектерде де Е.Бекмаханов [7], С.З. Зиманов [14], И.Кенжалиев [18], Ж.Қасымбаев [21], Д.Дулатова [12] барынша зерделенді. Тәуелсіздік жылдары 1836-1838 жыл-дардағы азаттық күрес тарихы жаңаша методологиялық ізденіспен, халқымыздың «ауызша тарих айту дәстүрі» негізіндегі материалдарды архив деректерімен байланыстыра зерттеген монографиялық еңбектер, мақалалар жарық көрді. Олардың қатарында М.Қозыбаев [23], М.Қойгелдиев [24], К.Есмағамбетов [13], Х.Әбжанов [4], Ғ.Мұқтарова [25], Л.Бердіғожин [26] зерттеулерін жатқызамыз.

1836-1838 жылдардағы азаттық күрестің шынайы тарихын қалпына келтіруде архив деректерінің алатын орны айрықша маңызды. Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінде, Ресей Федерациясы Орынбор, Астрахань архивтеріндегі, Санкт-Петербургтегі тарихи архивіндегі материалдар сол кезеңнің оқиғаларын нақты бейнелейді. Архив қорларында патша шенеунік-терінің, әскери қызметкерлер мен аудармашылардың, Ішкі Орданың ханы мен би-сұлтандарының, старшындардың мәлім хаттары мен жазған арыздары сақталған. Құнды деректер қатарына көтеріліс басшыларының Орынбор губернаторына, Ішкі Орданың ханы Жәңгір Бөкеевке, сұлтандарға, патша әкімшілігінің тергеушілеріне берген жауаптары мен арыз-шағымдары да жатады. Азаттық күрес тарихына байланысты архив құжаттарын жинақтап, бастыру ісі алғаш 1935 жылы С.Асфендияров пен П.Кунт редакциясымен шыққан «Қазақстанның өткені деректер мен материал-дарда» атты деректер жинағында көрініс тапты. Алматыдан 1964 жылы шыққан «XVIII-XIX ғасырлардағы орыс-қазақ байланысы (1771-1867)» атты жинақта құжаттарды іріктеп жариялау әрі қарай жалғастырылып, көтеріліске байланысты 4 құжат алғаш жарияланды.

И.Кенжалиев «Тайманұлы Исатай» атты зерттеу еңбегінде Исатайдың бұрын кездеспеген екі хатын қосымша ретінде жалғады. М.Хасанаев, Б.Байғалиев, Н.Машқанова, Б.Омаров «Жұлдыз» журналында араб әрпімен жазылған 8 құжатты жариялады. 1992 жылы М.Қозыбаев жетекшілік еткен авторлар ұжымы жинаққа қазақ тіліндегі 24 құжатты және орыс тіліндегі 68 құжатты арнайы жинақ ретінде баспадан шығарды.

Бөкей Ордасы құрылуының 200 жылдығын қарсылау барысында Б.Т.Жанаев, В.А.Иночкин, С.Х.Сағынаева құрамындағы авторлар ұжымы «Бөкей Ордасының тарихы (1801-1852 жж.)» [15] атты материалдар мен құжаттар жинағын шығарды.

Нәтижелер мен талқылау.

Азаттық күрестің басталуы туралы. 1836 жылы күрестің басталуына не себеп болды? Оған орыс әкімшілігі жақтасқан Жәңгір хан мен Исатайдың арасындағы келіспеушіліктен бастау алады. 1836 жылғы 5-ші наурызда Жәңгір хан өзіне жеткен мәліметтер бойынша, халықты өзіне қарсы айдап салды деп айыптап Исатай Таймановқа хан ордасына келуді бұйырады. Жайық казак-орыс әскері жіберген тергеушілер Бородин мен Мизинов Ішкі Ордадағы тәртіпсіздіктерді тексеру үшін келген болатын. Оларға 1836 жылғы 4-ші сәуірде Беріш руы жайық бөлімінің старшыны Исатай Тайманов арыз берген екен. Онда ол өзінің басқаруындағы ауылдарға сұлтан Медетқали Шөкин, Қарауылқожа Бабажанов, Балқы Құдайбергеновтердің зорлық-зомбылық әрекеттері туралы мәлімдейді.

Ал, Ішкі Орданың орта бөлімінің билеушісі, сұлтан Жүсіп Нұралиев 1836 жылғы 15 маусым-да Орынбор әкімшілігіне өзінің қол астындағы ауылдардың әдейі зекет төлемей отырғанын мәлімдеп, оны күштеу арқылы жинауға рұқсат беруді сұрайды.

Исатай Тайманов 1836 жылғы 28 маусымда Бекболат байға хат жазып, онда хан әкімдерінің көрсетіп отырған қысымшылығы туралы мәлімдеп, Қарауылқожа Бабажановтың 1836 жылдың 24 наурызында өзінің ауылдарына 800 адамдық қарулы жасақпен шабуыл жасады дей келе, бұл жағдайды 11 сәуірде сұлтан Сүйінші Жанғалиев арқылы ханға жеткізгенін, оған хан тарапынан қандай шаралар қолданылатынын сұлтан Мендігерей арқылы хабарлауды сұрайды. Егер, бұл мәселеге хан Жәңгір ешқандай шара қолданбаса, онда өзінің басқа жолмен кек алатынын айтады.

Бұдан кейін жағдай тіпті шиеленісіп кетеді. Енді күрес басталып, ол тоқтамауға айналады. Старшындар Исатай Тайманұлы, Ұса Төлегенұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы хан Жәңгірден әлі де

болса үміт үзбей 30 маусымда оған екінші рет ашық хат жолдайды. Бұл жолданған хатта Қарауылқожа Бабажанұлы тарапынан халыққа істеліп отырған зорлығы туралы және екі жақтың арасында 24 наурызда болған теке-тірестен ауылдардың көріп отырған зәбірін айтады.

Хан әкімшілігінен әділдік шешім болмағаннан кейін, 14 шілде күні Исатай Тайманұлы өзін жақтайтын старшындар: Байбақты руынан Өтеміс Қошқарұлы, Иманбай Қалдыбайұлы, Есенғұл бөлімінен Әуес Төлегенұлы, адай руының Өтей бөлімінен Досқан Жәнібекұлы, Есен бөлімінен Ешмұхамед Жантуұлы, Жаппас руынан Әлжан Төремұратұлымен бірге Жайық казак-орыс әскер басшыларына мәлімдеме жолдайды.

Өз кезегінде Жәңгір хан 14 шілдеде шекара комиссиясына мәлімдеме жасайды. Мәлімдеме-сінде Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтің Күшік Жапаров деген қазақты өлтіргенін және онымен қоймай хан ордасына қарулы көп адаммен келіп, халық атынан Қарауылқожа Бабажанов үстінен арыз айтты деп көрсетеді. Егер Исатай мен Махамбетті тез арада қамауға алмаса ел ішінде бүлік болатынын, оның алдын алып, сақтану үшін хан ордасындағы 175 казак-орыс әскерінің күшін қолдануға рұқсат беруді сұрайды. Күшік Жапаровтың өлімі Исатай ісінде белгілі орын алатын оқиға болатын.

Осыдан кейін Орынбор шекара комиссиясы өздеріндегі мәліметтерге сүйеніп, 1836 жылғы 31 шілдеде Орынбор губернаторы Перовскийге Ішкі Орда ханы Жәңгір Бөкеевтің 11 мамырдағы мәлімдемесіне байланысты түсінік береді. Онда 1836 жылдың 7 мамыры күні Аққөже деген жер-де Астрахань әскери кардонының 25 жауынгері мен олардың офицеріне Беріш руының Ағатай бөлімінің 25 кісісі Исатай Тайманов басшылығымен жол көрсеткенін айтады.

Сол жерде, қой бағып жүрген қойшылар Күшік Жапаров пен Тайбек Жәдігеров алдарындағы жайылып жатқан қойларын Исатай Таймановтың қасындағы 9-жігіт аламыз дегенінде көнбей, қарсылық көрсетеді. Осы кикілжіңнің нәтижесінде Күшік Жапаров өлтіріледі, оған Махамбет Өтемісовтің де қатысқаны белгілі болады.

Беріш руы Жайық бөлімінің старшыны Төлеген Тыныштықов берген мәліметінен кейін, Жәңгір хан оқиға болған жерге мәселенің анық-қанығына жету үшін штаб дәрігері Сергачевті, сұлтан Күшікқали Шығаевты, хан кеңесшісі Боса Боздақовты, старшина Түмен Көзайдаровты жібереді. Олар тергеу жүргізіп, оның нәтижесін мәлімдейді. Онда Исатай Таймановтың 8-ші Жайық казак-орыс әскери полк басшысы Марковтың тапсырмасымен Ахтуба бойында жүрген есаул Донсковтың әскери тобына жол көрсеткені анықталады. Ақырында олар Күшік Жапаровты Махамбет Өтемісов өлтірген деген қорытындыға келеді. Шекаралық комиссия Жәңгір ханның Исатай мен Махамбетті қамау керек деген талабын негізге ала отырып, губернаторға бұл істі Жайық казак-орыс әскері шенеуніктері тергесе дұрыс болар еді дейді.

Ақырында, 1836 жылдың шілде айынан бастап Исатай мен Жәңгір хан арасындағы талас-тартысқа патша әкімшілігі де араласа бастайды. Орынбор шекара комиссиясы 8 тамызда губернаторға тағы да бір мәлімдеме жасайды. Олар ханның 14 шілдедегі мәлімхатын үрейлене қабылдайды. Ол мәлімхатта Исатай мен Махамбеттің қарулы топ жинап хан ордасына барып тікелей талап қоюы, бүліктің бастамасы екендігін мәлімдеп, соған байланысты хан ордасындағы 175 казак-орыс әскеріне қорғаныс үшін тиісті тапсырма беруін сұраған екен. Жайық казак-орыс әскері әкімшілігінің тергеушілері Сиротин және Осипов сұлтан Медетқали Чукиннің қатысуымен 1836 жылғы 3 қарашада Исатай Таймановтан, 5 қарашада Махамбет Өтемісовтан жауап алады. Исатай Тайманов жауабында өзінің 45 жаста екенін, бұдан 12-13 жыл бұрын Орынбор шекара комиссиясында сотты болғанын, содан Тана руы Бессары бөлімінің қазағы Нысан Өтетілеуовты өлтірді деген жалған айыптың дәлелденбеуіне байланысты босатылғанын айтады. Ал, старшын атағын Орынбор шекара комиссиясының 1814 жылғы 25 қарашадағы қаулысымен, Бөкей ханнан старшындық мөрді алғанын көрсетеді.

Махамбет Өтемісов болса, өзінің 33 жаста екенін, 1829 жылы Жайықтан жасырын өткені үшін Калмыков қамалында тергеліп, 1 жыл қамауда болып, кейін, Орынбор губернаторы Сухтеленнің шешімімен босатылғанын айтады. Сонымен қатар, татарша және орысша жазып, оқи білетіндігін, старшын мөрін Жәңгір ханнан 1834 жылы 9 маусымда алғанын, бірақ шекара комиссиясы оны бекітпегенін көрсетеді[19]. Осыдан кейін тергеушілер Сиротин мен Өзбеков

жайық казак-орыс әскерінің атаманы Покатиловқа 10 қарашада мәлімдеме жасайды. Онда олар тергеуді уақытша тоқтатуды сұрайды. Оның себебі, старшындар Тінәлі Тайсойғанов пен Дәуіт Ермаковтің жауап беруге келмей отырғандығы еді. Олар Қарауылқожа Бабажановтың қол астында, сондықтан олар Қарауылқожаны қызметінен босатуды сұрайды.

Халық күресінің кезеңдері туралы. Архив деректеріне сүйенсек азаттық күресі кеңестік тарихнамада белгіленгендей үш кезеңнен емес, екі (немесе екі бөлік) кезеңнен тұрады. Бірінші кезең 1836 жылдың наурызы мен 1837 жылдың 13 ші желтоқсаны арасы, бұл кезеңде азаттық күрестің негізгі оқиғалары Ішкі Орда жерінде жүрді. Екінші кезең, 1837 жылдың 14-ші желтоқсаны мен 1838 жылдың шілде айындағы кіші жүздің батыс бөлігінде болған ұрыс қимылдары. Екі аумақта да ұрыстың қозғаушы күштері бірдей болғанымен, барысында, сипаттары мен мақсаттарында ерекшеліктер бар. Ішкі Ордада көтеріліс феодалдық езгіге қарсы бағытталып, алдарына осы бағыттағы талаптар қойса, кіші жүздегі көтеріліс таза отарлық басып алушылыққа қарсы бағытталды.

Көтерілісшілер мен жазалаушы әскер арасындағы шайқастар. 1837 жылдың қыркүйек айының аяғы мен қазан айының басында Исатай Тайманұлы бастаған көтерілісшілер саны 1100 адамға дейін жетіп Ішкі Орда билеушілеріне ғана емес Жайық казак орыс әскеріне де қауіп туғыза бастады. Ішкі орда билеуші сұлтандары орыс отаршыл әкімшілігінен өздерін Исатай Таймановтың қарулы жасағынан қорғауды өтініп Глининск бекінісіне, есауыл Сумкин басқарған Жайық казак орыс әскеріне қарай көше бастады. Қапланбай Қалдыбаев басқарған көтерілісшілер әскері Қамыс Самар көлі бойындағы би сұлтандарды қоршап, Сумкинге өтуіне бөгет жасады. 1837 жылдың 17 ші қазанында Жәңгір хан сұлтандардан барынша көп қарулы қол жинап хан ордасына келулерін тапсырса Жайық казак орыс әскері атаманы Покатилов Жайық өзені бойындағы әскери бекіністерді күшейту үшін, шұғыл түрде №2, №3,4 әскер полктерін қазақ даласына жорыққа дайындау жөнінде жасырын жарлық берді. 1837 жылы 20 шы қазанда есауыл Сумкин тапсырысымен Теректі құмды қоныстанған Исатай Тайманов ауылына барған керей Өтепов мәліметінше Исатай басқарған қарулы көтерілісшілер саны мың-нан асқанын және қарулы адамдардың көтерілісшілер қосынына үздіксіз қосылып жатқанын баяндайды. 1837 жылы 18ші қазанда Орынбор генерал губернаторы Жайық казак орыс әскері атаманына хат жолдап Ішкі Ордадағы тәртіпті қалпына келтіру үшін губернатордың ерекше істер шенеуінігі Гекені жіберетінін хабарлайды. 1837 жылдың 26 шы қазанында Исатай Таймановтың қарулы қолы хан ордасын қоршады. Хан ордасын қорғау жүктелген Жайық казак орыс әскері бөлімшесі, Астрахан казак орыс әскері бөлімшесі, хан жасауылдары хан ордасы аумағын ор қазып, арба т.б да қорғаныс бекінісін ұйымдастырғанмен Исатай басқарған көтерілісшілер хан ордасына шабуыл жасаған жоқ. 1837 жылдың 26 шы қазанында Глянинск бекінісі-не подполковник Геке келеді. Көтерілісшілерді тез жеңуді ойлаған Геке подполковник Меркуловқа 31 қазанда Зеленый және Кулагино бекінісінен 400 қарулы казак орыс әскерімен шығып Теректі құмдағы Таймановты ұстауды тапсырады. Горск бекінісіндегі 200 казак орыс әскерін ерткен Геке хан ордасына барып, жағдайды анықтап Тайманов көтерілісшілерін жеңу оңай болмайтынын біліп 3 қарашада орданың батыс бөлігінің билеушісі, сұлтан Баймұхамед Айшуақовқа хат жолдап көп әскер жинау керектігін ескертеді. Гекенің негізгі мақсаты Исатай Таймановты келіссөз арқылы алдап, әскер күшін барынша көп жинау еді. Геке өз жазбаларында Исатайдың көзін құрту үшін ақшамен адам жалдау әдісін де қолданғанын мойындайды. Сондықтан, хан ордасына келгесін Исатай Тайманов жанындағы старшындарды келіссөзге шақыртады. Ордаға келген жеті старшын Гекенің қорқытқанына қарамай Исатай Таймановтың әскер қосынында қалды. Хан ордасында Астрахань орыс-казактарының 2 офицері, 4 уряднигі, 100 орыс-казак әскері, Жайық орыс-казактарының 1 офицері, 1 уряднигі мен 25 орыс-казак әскері, барлығы 133 орыс-казак болған [26]. 1-ші қарашада Геке арнайы хат жазып Исатай Таймановты хан ордасына шақырады. 2 қарашада Бекмұхамед Өтемісов (Махамбеттің ағасы) Исатай Тайманов жауабын жеткізеді. Исатай жауабында хан ордасын қоршап тұрған көтерілісшілерді әрең деп шабуыл жасаудан ұстап тұрғанын, қан төгіс болмай тұрғанда халық талабын орындаңыздар деліне-ді. 5 қарашада әскер күшін барынша

басымдықпен жинап үлгерген Геке көтерілісшілерге қарсы жорықты бастайды. Әскер күшін күшейту мақсатында барлық әскер бекінісіндегі зеңбіректерді толық оқ дәрісімен алып жүруге бұйрық береді. Исатай Тайманов әскері 5-6 шы қараша күні түнде хан ордасын қоршауды тастап Теректі құмға қарай жылжиды. 7-ші қарашада Теректі құмдағы Исатай Тайманов ауылын қоршаған Меркуловтың 400 казак орыс әскеріне Исатай Тайманов көтерілісшілері шабуылдап, ауылды құтқарып Жаман құм аумағына бет алады. Көтерілісшілермен түнгі шайқаста Меркулов екі адамынан айырылады. 1-ші қарашада 500 адамдық Исатай Тайманов әскері Тастөбе жанына орналасады. Деректерде нарын құмын, оның өзі 12-ге бөлінетінін көрсетіледі. Нарын құмы Жасқұс, Мешіт құм, Жанкелді, Телібай, Теректі, Айғыр құм, Жаман құм, Ерке құм деп сипатталады.

Геке бастаған 440 адам, Меркуловтың 400 адамдық қосыны, Акутиннің 150 адамдық әскері зеңбіректерімен және 300 Астрахань казак орыс әскері екі зеңбірегімен қарсы орналасты. Бірінші Астрахань полкі командирі подполковник Алиев Астрахань жазалаушы әскерін басқарды. Осы жиналған әскер Исатай Тайманов әскеріне 15-ші қарашада шабуыл бастайды. Зеңбірек атысынан соң шабуылға шыққан Геке әскері қатты қарсылыққа тап болып кері шегінеді. Геке әскерге зеңбіректі барынша қолдануды, жарылғыш оқтарды аямауды бұйырады. Геке әскерінің екінші шабуылынан соң, бірнеше уақыт өткесін Исатай Тайманов әскерін кері шегіндіреді. Жазалаушы әскер де соғыс алаңынан қатардан шыққан әскерлер мен көтерілісшілерді жинайды. Геке өз әскерінің көңіл күйін, яғни психологиялық қорқыныш әсерін басу үшін жеке құрамға спирт беруге бұйырады. Н.Савичев, А.Рязанов еңбектерінде Исатай Тайманов әскерінің ұрыс тактикасы туралы тұжырымдар бар. Саны жағынан көп Геке әскерінен көтерілісшілердің қорықпауы, яғни батырлық мінездер. Қолбасшы ретінде Исатай Таймановтың жеке сипаты, орыс әскеріне тікелей емес қапталдап шабуылдау әдісін пайдалануы. Бірінші болып шабуылдаған Исатай әскері Геке әскерінің оң жақ қапталын бұзып өтті. Шабуылдың алдыңғы легіне мылтықпен қаруланған мергендердің орналасуы. Көтерілісшілер тобындағы мергендер ұрысқа мылтықтары мен оқ дәрілерін алдын ала дайындаған. Қазақ тарихи жырларында мылтықтың бірнеше түрі айтылады. Әсіресе 700 қадамға дейінгі нысанаға арналған шамқал атты ауыр мылтықтар және жезайыр мылтығы. Махамбет Өтемісұлының «Ұлы арман» өлеңіндегі:

Күмбір күмбір кісінетіп,

Күреңді мінер күн қайда!

Толғамалы ақ мылтық

Толғап ұстар күн қайда!» деп жырласа, келесі толғауында:

Орама мылтық тарс ұрып,

Жауға аттанар күн қайда! деп жырлайды. «Білтеліге доп салмай» деген өлең ұйқасы да бар. Бұл деректерден түйгеніміз Исатай әскерінде отты қару мылтықтардың болғаны. Кейінгі лекте қылыш, найза сияқты қарулар болды. Шегіну кезінде тұтастай емес, бірнеше бөлік болып, ұйымшылдықпен ыдырауы. Зерттеушілер көрсеткендей, Геке әскерінде зеңбіректер болмағанда жеңіс сөз жоқ Исатай жағында болар еді. 1837 жылдың 17-ші қарашасындағы Гекенің Тастөбе шайқасы туралы мәліметінде Исатай әскерінің негізгі басымдығы тұтқиылдық, найзаны шебер пайдалануы және астарындағы аттардың оралымдылығы деп бағаланады. Қорытындысында Тастөбе шайқасында Геке әскерінің саны жағынан басымдығы, қару жарағының мықтылығы, әскердің кәсібилігіне қарамастан Исатай Тайманов әскері аз шығынмен (50-60 адам) ұйымшылдықпен кері шегініп, негізгі күш пен әскер басшылары батырлардың толық құрамда сақталуы шайқаста Исатай Тайманов әскерінің жеңілуі деген кеңестік тарихнаманың тұжырымының шындыққа мүлде жанаспайтыны байқалады. Геке әскерінің есауылы Трофимов көтерілісшілер қосынын қуалай отырып, Исатай ауылына жақын жерден батыр Қапыланбайды қолға түсіреді. Геке қасындағы әскер басшыларымен, сұлтан Шынғали Орманов қатысуымен Қапыланбайдан жауап алады. Қапыланбай өз жауабында Исатай Таймановтың хан ордасын қоршауы кезінде әскер саны 3500 адам болды деп көрсетеді. Исатайға жақын адам ретінде Қапыланбай хан ордасын қоршау кезіндегі мақсат Жәңгір ханды өлтіру емес, келісімге келу екенін айтады.

Исатайдың жазалаушы әскермен шайқасқа мұқият даярланғанын, алдын ала қасындағы батырлармен дүние мүліктерін құм ішіне мұқият жасырғанын және Тастөбе шайқасында батырларға Геке әскерін екіге бөліп талқандауды тапсырғанын көрсетеді. Бірінші кезеңде орыс жазалаушы әскер қосыны басымдық танытқанмен көтерілісшілер қосынын толық немесе жартылай да талқандай алмады. Көтерілісшілер әскерінің қолбасшысы, батыр Исатай Тайманұлы 1837 жылдың 13 ші желтоқсанында орыс әскері толық бекіткен әскер шебінен жарып шығып Жайық өзенінің кіші жүз бөлігіне өтеді.

Міне, осы уақыттан бастап көтерілістің жаңа, *екінші кезеңі* басталады. Исатай Тайманұлының қарулы жасағы алдымен Қаракөл жеріндегі атақты Сәмбет Ебелекұлы ауылына тоқтайды. Өз заманының ақылды, халық сыйлаған батыр әрі ысық руының биі Сәмбет көтерілісшілерге барынша көмектесіп, мініс аттарын, азық түлік пен қару жарақ беріп аттандырады. Одан кейінгі жолда Қарабау өңіріндегі атақты Мыңбай батыр ауылына ат бастарын тірейді. Исатай Тайманұлын нағашы жұрты, есентемір руы ауылдары да барынша күтіп, күш қайрат беріп қасына ер жігіттерін, қару жарақтарымен, мініс көліктерімен қамтып аттандырады. Орынбор губернаторы Перовский кіші жүздің батыс бөлігінің билеушісі Баймұхамед Айшуақов мәліметіне сүйене отырып, Орынбор шекара комиссиясына әлім руы назар бөлімі ауылдары Хиуалықтар кеңесімен Исатай Таймановты қолдауда, енді олар Хиуадағы сұлтан Қайыпқали Есімовпен бірікті деп хабарлады.

Бұл деректі, адай руы молдасы Батырхан Шаймардановтың хабарына сүйенген Баймұхамед Айшуақов 1838 жылы 16 мамырда Орынбор шекара комиссиясына, ал комиссия басшысы Генс оны 26 мамырда Орынбор губернаторына мәлімдеген.

Батырхан Шаймарданов 9 мамырда көрсетуінде, Исатай мен Махамбеттің 4 серігімен адай руындағы сұлтан Қайыпқали Есімовке келгенін, оларға қосылып Қайыпқали Есімов «орыстардан өш алу үшін» әр рудан 100 адамнан жинауды бұйырады, сосын шеркеш, ысық, аз руларына да қағаз жібергенін, олардың қатты қобалжуда екенін мәлімдейді [20].

Батырхан Шаймарданов өзінің 13 маусымдағы мәліметінде Қайыпқали мен Исатайдың адай, шекті, табын руларынан 2000-дай адаммен Жем өзені бойындағы Темір деген жерде тұрғанын, көтерілісшілерді Асау батырдан басқа халықтың бәрі қолдауда деп көрсетеді.

Табын руы батыры Асаудың ол кезде жасы 80-нен асқан болатын. Бұл мәліметті кете руы билерінің хабары толықтыра түседі. Онда, Қайыпқали мен Исатай Жем бойындағы Көкпекті деген жерде екенін, Қайыпқали 1000 адаммен табын руы ауылдарында, ал Исатай 7 серігімен Назар бөліміне барып адам жинауда деп көрсетеді.

Баймұхамед Айшуақов 17 маусымдағы губернаторға хатында, Исатай мен Қайыпқали адам-дары 2 мыңдай, Көкпекті деген жерде деп көрсете келіп, өзіне бағынатын жерлердегі халықтың толқи бастағанын, сондықтан 500 кісілік әскер жіберуді өтінеді.

Жайық казак-орыс әскері атаманы Покатилов өзінің 24 маусымдағы мәліметінде Баймұхамед Айшуақовты толықтыра отырып, Қайыпқали тобында 3 мың адам бар деп көрсетеді. Ал, Исатай болса 500 адамымен өзін қолдаған, әлім руы назар бөлімінің биі Жүсіптің ауылында деп мәлімдейді [90]. Адай руының көп бөлігі Исатай батыр көтерілісшілеріне ерген жоқ. Оның себебін архив деректерінен тапқандай болдык. Исатай Тайманов батыр бастаған көтерілістің өрістеген 1836 жылдың аяғына қарай, Маңғыстау түбегінің Хиуаға жақындығын ескеріп көтеріліске күш береді деп ойлаған Ресей отаршыл әкімшілігі өздерінің зымиян жоспарын іске асыруға тырысады. Осы мақсатта арнайы жасақталған 500 Жайық казак-орыс әскері мұздай қаруланып арнайы тапсырмамен 1836 жылдың желтоқсаны мен 1837 жылдың ақпаны арасында Маңғыстау түбегіндегі адай ауылдарына шабуыл жасайды. Орынбор губернаторының өте тәжірибелі, ерекше тапсырмалар жөніндегі үш шенеунігі полковник Мансұров, майор Данилевский, капитан Челябинтар басқарған үлкен әскер қосынына тапсырманың жауаптылығы ескеріліп 5 есаул, 5 жүзбасы, 5 хорунжий, 10 урядник, 1 дәрігер кіргізіліп, орыс-казактарға әскери басшылықты әскери старшын Осипов жүргізеді. Әскери қосын тапсырмасын мұқият орындап, кепіл ретінде 41 адамды тұтқындап ұстап, 6525 қой, 665 түйе, 620 жылқыны олжалап, 1837 жылы 8 ақпанда Гурьев қалашығына оралады. Осы жорықта Ресей әскерилері асқан ептілікпен, атағы жер жарған адай батыры Сүйінғараның ұлы Мұрынды қолға түсіріп, кепіл ретінде

Орынборда ұстайды. Тапсырманы орындағандарды Ресей соғыс министрлігі ерекше бағалап, ордендермен наградтайды [27].

Бұдан кейін, тағы да оқиғалар желісіне полковник атағын алған Геке есімі араласады. Ресей отаршыл әкімшілігі әр кез қиын-қыстау болған жағдайда міне, осындай адамдарға сүйенген.

Екінші кезеңдегі Ақбұлақ шайқасы. 1838 жылы 7-10 шілдеде Орынбор губернаторына жазған хабарламасында полковник Геке өз әскерінің 8 шілдеде Елек қорғанына келіп, 10 шілдеде үлкен Қобданың Ескіқорған деген жерінде Баймұхамед Айшуақов әскерімен қосылғанын айтады. Көтерілісшілердің тарап кетті дегені бос сөз екенін, олардың 2 мың адамы Жем өзенінен Ойыл өзені бойына жетіп, қазіргі мәліметше Қиыл өзені бойында деп көрсетеді. Өзінің әрбір ұрымтал сәтті жібермей қимылдайтынын, бірақ та Жайық орыс-казак әскерінен келетін күшті күтуде екенін де жасырмайды.

Ал, губернатор Перовский жүрген жерлерде казак ауылдарына сес көрсетіп, толқулардың әрқашан жазаланатынын, ол үшін әскер әзір екенін білдіру керек деп Гекеге тапсырады.

Жазалаушы әскер мен көтерілісшілердің шешуші шайқасы 12 шілдеде Қиыл өзені бойында өтеді. Осы шайқаста көтеріліс басшысы, батыр Исатай Тайманов қаза табады. Осы оқиға туралы полковник Геке Орынбор губернаторына 1838 жылы 13 шілдеде мәлімдеген. Гекенің айтуынша көтерілісшілердің сұлтан Баймұхамед Айшуақовты және Жайық өзеніне жақын ауылдарды шабу қаупін ескеріп, күзетті күшейткен. Ал, 12 шілдеде таңертең көтерілісшілер қосыны Ресей әскери шолғыншыларына шабуыл жасаған. Көтерілісшілер 500-дей адаммен тек Баймұхамед Айшуақов әскері ғана бар деп ойлап шабуылдағанымен, артиллерия атысына тап болып және 200-дей орыс-казак әскерінің шабуылына ұшыраған. Қорытындысында көтерілісшілер 70-80 адамынан айырылған. Олардың ішінде, көтеріліс басшысы Исатай Тайманов бар дей келіп, оның өлімін былайша суреттейді.

Хорунжий Петров басқарған орыс-казактар Исатай Таймановтың әуелі атын атып құлатқан, жаяу жүріп соғысқан Исатай Тайманов сонда да қарсыласуды қоймағасын урядник Богатырев басын қылышпен шауып түсірген, ал бір орыс-казак жансыз денені атқылаған.

Өзінің Исатай Таймановты қолға тірі түсіре алмағанына өкініп полковник Геке, орыс-казак әскеріне Исатай Таймановты тірі құтылып кетер деген қауіппен тірілей қолға түсіруді алдын-ала ескертпегенін де жасырмайды. Шайқас кезінде 7 адам қолға түскен, оның ішінде Исатай Таймановтың жақын серігі Қожахмет Өтемісов те болған [92]. Исатай Тайманов қаза болуы, ол бастаған көтерілістің жеңілуі заңдылық па, әлде кездейсоқтық па? – деп сұрақ қоя отырып, осы сұраққа полковник Геке 1838 жылғы 29 шілдедегі губернаторға жіберген мәлімдемесінде жауап беруге тырысады. Исатай Тайманов тобымен кездесіп, жену кездейсоқтық,-дей келіп, полковник Геке: Исатайдың көп адаммен Жайыққа жақын жерде жүріп, кез келген уақытта одан өтуге мүмкіндігі болғанын, немесе казак ауылдарын өзіне қорқытып қосуға күші жеткендігін мойын-дайды [93]. Архив деректеріне сүйенсек екінші кезең 1838 жылдың 13 ші шілдесіндегі Ақбұлақ шайқасымен аяқталады. Ақбұлақ шайқасында Исатай Тайманов басқарған көтерілісшілер әскер саны 2500 адам шамасында болды. Исатай Тайманов әскеріне көмекке келген, бірақ шайқастан сырт қалған сұлтан Қайыпқали Есімов әскері де сондай шамада болды. Қару жарақпен қамтылуы да әрқелкі. Исатай Тайманов әскер қосыны барынша отты қарумен жарақтанды. Исатай Таймановтың жеке өзі орыс офицері жарағына сай қаруланған, яғни же-ке қол қаруы екі пистолеті болған. Себебі, жалғыз өзі жаяу орыс әскері қоршауында біршама уақыт соғысуы осыны дәлелдейді. Қайыпқали Есімов қолы негізінен хиуалықтар болып, олар соңғы үлгідегі отты қарумен жарақтанды. Исатай Таймановтың әскери жоспары, ол орыс әскері мен Баймұхамед Айшуақов әскерін біріктірмей бөлшектеп соғысу тактикасы еді. Осы жерде, батыр Исатай Тайманов әскер шолғыншыларының қателігінен үлкен әскерге 500 адаммен шабуыл жасады. Ресей отаршыл әкімшілігі әскер қосыны күші де осы шамада еді. Баймұхамед Айшуақов әскері 500 адам. Жайық казак орыс әскері, Орынбор, Орск гарнизоны әскері және Орынбор казак орыс әскерін қосқанда 3500 дей, кәсіби және жақсы қаруланған қосын еді. Ресей әскер қосыны қолбасшысы, полковник Геке жоспарымен әскер Исатай Тайманов тобын толық қоршауға алу, талқандау еді. Сондықтан, Геке барлық зеңбіректерді мұқият жасырып, төбешіктерге

орналастырды. Әскерге тіке шабуылға шықпауды, зеңбірек атысынан соң ғана шеп болып жылжуды бұйырды. Зеңбіректерге тікелей гранаталармен, яғни жарықшағы көп жерді қамтитын оқ дәріні қолдануды, оқты үнемдемеуді тапсырды. Ақбұлақ шайқасының қорытындысы бойынша да орыс әскері қару жарақпен басым болуына, тұтқиылдан Исатай Таймановтың аз әскерін қоршап алғанмен негізгі алға қойған әскери жоспарын орындай алмады. Көтерілісшілердің негізгі құрамы тағы да бой жасырды. Казак-Орыс офицері, Жайық әскери-шаруашылық басқармасының архивариусы Савичев Н.Ф. көтеріліс туралы архив деректерін пайдаланып «Исатай Тайманов – Ішкі Орданың старшыны» және «Ішкі Орданың екі қазағының басшыларға бағынбауы туралы» атты көлемді тарихи очерктерінде Ресей жазалаушы әскерімен Исатай Тайманов жасағының арасындағы шайқасты баяндайды.

«Исатай Тайманов - Ішкі Орданың старшыны» атты очеркті жазу барысында автор сол кездегі Ішкі Орданың жалпы жағдайын, көтерілістің басталуын, көтерілістің басшылары жазған хаттары, Ішкі Орда билік иелерінің жазған мәліметтерін ұтымды пайдаланған. Савичев еңбегінде оқиғаның барысын баяндау хронологиясы 1836 жылғы 11 мамырда Жәңгір ханның Орынбор шекара комиссиясына Исатай Тайманов қолдаушыларының Күшік Жапаров деген бақташыны өлтірді деп жазған қаралау мәліметінен басталады да, 1838 жылғы 12 шілдедегі Ақбұлақ шайқасында Исатайдың қаза табуына дейінгі аралықты қамтиды.

Осы еңбегінде Савичев Н.Ф. көтеріліс басшысы Исатайдың батырлығын, қайсарлығына таңдана отырып жазады. Қиялы мола, Тастөбе, Ақбұлақ шайқастарында жазалаушылардың әскері көтерілісшілерден әлденеше есе көп болған және жақсы қаруланған еді. Исатай батыр әрқашан ұрыс басталардан бұрын қарсыластар қолын алыстан барлап, жағдайға қарай шешім қабылдап отырған. Жазалаушылардың қолындағы негізгі қаруы зеңбіректерден, оның жарылғыш оғынан көтерілісшілер тайсалмай, үрейленбей, қайта топталмай бытырай шабуылдап қимыл көрсеткен.

Исатайдың Хиуа ханынан әскери күш сұрауы. Бұл жерде, Савичев 1838 жылғы ақпанда Ішкі Ордада қолға түскен Исатайдың атқосшысы болған Қосымбаевтың тергеушілерге берген жауабын келтіреді. Исатай Тайманов Хиуа хандығына сапарға Махамбет Өтемісов пен Науша батырды жібереді. Оның мәні, көтерілісшілердің сұлтан Қайыпқали Есімовтен әскер сұрау емес, керісінше ат және отты қару сұрауы еді дейді.

XIX ғасырдың 36-38 жылдарындағы казак халқының ұлт-азаттық қозғалысын отарлаушылардың күшпен басқаны баршаға мәлім. Көтерілісшілерді жазалауда Жайық, Астрахань, Орынбор орыс-казак әскерлерінің «ерекше ерлік» көрсеткені бізге белгілі. Осы әскерлердің тарихы баяндалатын еңбектерде, архив деректерінде Исатай-Махамбет көтерілісі туралы құнды мәліметтер кездеседі. Мысалы, Астрахань орыс-казак әскерлері Ішкі Ордамен шекаралас мына жерлерге орналасты:

1. Каспий шебі - Каспий жағасындағы Безбородко мен Юсупов жерлерінде ұйымдастырылған 14 әскери бекет;
2. Ахтуба бойында - 17 әскери бекет;
3. Эльтон әскери шебінде - 10 әскери бекет;
4. Өзен әскери шебінде - 13 әскери бекет болды.

1836 жылы осы көрсетілген бекеттер Ішкі Жайық, Ішкі Астрахань, Каспий әскери шептері болып қайта құрылды. Олардағы әскерлер саны 1397 адам болды. Оның 868-і орыс-казактар, ал 529-ы шоқынған қалмақтар еді.

Ішкі Орда ханын күзету үшін Астрахань орыс-казак әскері әкімшілігі 1804 жылдан 60 орыс-казак және 1 офицер бөліп отырған. Хан ордасындағы жүзбасы Голубевтен Исатай-Махамбет көтерілісі туралы мәлімет алған Астрахань орыс-казак әскери әкімшілігі, Ішкі Ордаға зеңбірегі бар 300 орыс-казак әскерін жібереді. Жазалаушы әскерді бірінші Астрахань полкінің командирі подполковник Алиев басқарды. Орынбор орыс-казак әскерлері де даладағы «бүліктерді» басуға белсене араласты. Әсіресе олар, 1838 жылғы 12 шілдедегі Ақбұлақ шайқасына қатысып, тарихта қалды. Исатай Тайманов есімі Орынбор орыс-казак әскері тарихында Кенесарымен бірдей бағаланып, орыс үіметіне жау адамдар қатарына қойылған.

Қазақ даласындағы жазалау шараларына қатысқан әскерді патша әкімшілігі ерекше мадақтап, ордендермен наградтай бастады. 1839 жылғы 3 қаңтарда губернатор Перовскийдің мәліметінде ішкі орданың 21 би-сұлтандалары әртүрлі дәрежеде мадақталды.

Ал, ерекше көзге түскен орыс-казак әскер басшысы полковник Геке 3-ші дәрежелі қасиетті Владимир орденімен және 1000 соммен, №3 Орынбор батальоны прапорщигі Лукин 600 соммен, Жайық орыс-казак әскерінен есаулы Бобилевқа әскери старшина атағы, Петровка хорунжий атағы, атты артиллерияның №15 батарея хорунжий Медведевті 500 соммен, №2 Орынбор батальонынан Юнаковқа прапорщик атағы беріліп, орыс-казактар Богатырев пен Зеленин де ордендер алады. Халық-азаттық қозғалысы тарихында Исатай мен Махамбетпен бірге болған, соңына дейін өз ісіне адал болған жолдастарды, батырларды айтпай кетуге болмайды. 1836-1838 жылдардағы азаттық қозғалысының тарихына қатысты архив, ақын жыраулар деректеріне деректеріне сүйенсек, көтеріліске Жайықтың Самар жағы бетінен (Бөкейліктер) үш мыңға жуық, Бұқар жақ бетінен (кіші жүз) бес мыңға жуық әскер қосыны қатысқан. Исатай мен Махамбет батырлықтың қара шаңырағы, халықтың рухы қимыл-қозғалысы десек, азаттыққа ұмтылған халықтың қалың бұқарасы қара шаңырақты дауылда шайқалтпайтын кереге, ал сарбаздар - керегелерді жалғайтын төбе және үй. Жауынгерлер азаттық қозғалыстағы өз міндеттерін, қасиет-терін өте жақсы түсінді. Әр сарбаз өз отбасында осы игілікті іс үшін ризығы мен мал-мүлкін құрбан етуге дайын болды. Көтерілістің аяғында да солай болды. Көтеріліске қатысқандар патша әскерімен соғыста қаза тауып, тұтқынға түсіп, түрмеге жабылды, азапталып, жер аударылды. Азаттық үшін күрескендердің құжаттары да осы күнге дейін ел жадында сақталғандардың есімдері ғана сақталған. Батыр бабалар тарихына тоқталсақ.

Кіші жүз он екі ата байұлы беріш руынан:

1. Өтеміс балалары Махамбет, Қожахмет.
2. Төлегенұлы Ұса.
3. Нұқанұлы Амантай.
4. Тайсойғанұлы Тінәлі.
5. Тілеуліұлы.
6. Ұсаұлы Үбі.
7. Белбекұлы Қарағұл.
8. Түменұлы Тәни.

Он екі ата байұлы ысық руынан:

1. Қалдыбайұлы Иманбай, Қалдыбайұлы Қапланбай.
2. Төлеміс.

Он екі ата байұлы жаппас руынан:

1. Еділұлы Сарт.
2. Тұрманбекұлы Алман.

Он екі ата байұлы адай руынан:

Жанабекұлы Көпен.

Он екі ата байұлы байбақты руынан:

1. Күлепұлы Құсан.
2. Бөрбіұлы Елемес.
3. Қошқарұлы Өтеміс.
4. Алғаұлы Көбек.
5. Жанболатұлы Айтқұл.

Он екі ата байұлы қызылқұрт руынан:

1. Сартанбайұлы Еділбай.
2. Күнтуғанұлы Шотық.

Ноғай руынан:

1. Қасымұлы Жаназар.
2. Ахметұлы Масұтбек.
3. Асанұлы Құлсейіт.

Он екі ата байұлы тәни руынан:

1. Күсепұлы Айтас.

Архив деректерінде орыс отаршыл әкімшілігі Исатай-Махамбеттің жауынгер серіктеріне берген әртүрлі мінездемелер сақталған.

1. Он екі ата Байұлы Ысық руынан Қалдыбаев Қапланбай. Исатай Тайманов тобындағы екінші немесе үшінші көшбасшы. 1837 жылы 15 қарашада Исатай топтарынан шығып, 11 күннен кейін қайта қосылды. Есауыл Трофимов отрядының барлаушыларымен кездескен. Жәңгір ханның тізімінде көтерілісшілердің көсемі ретінде жазылған. Филиповты өлтірмек болып жатқан жерінен ұсталды.

2. Он екі ата Байұлы Беріш руы, Есенғұл тармағы, Үса Төлегенов корпус командирі тізімінде - аса қауіпті деп белгіленіп, ұсталуы тиіс адамдардың бірі. Исатайдың барлық іс-әрекетіне қатысушы. Оның ұлы Үбі Исатаймен бірге Жайықтан көшіп, арғы бетке өтіп кеткен.

3. Он екі ата Байұлы Беріш руының Жайық тармағынан Махамбет Өтемісұлының інісі Исмаил барлық қылмыстық істерге, қырғындарға қатысқан.

4. Он екі ата Байұлы Ысық руынан Қалдыбаев Ысмағұл, 1837 жылы 23-ші қарашада Истомин әскерімен шайқаста өлтірілген Қалдыбайдың ұлы, атақты Қапланбайдың інісі.

5. Он екі ата Байұлы руы Беріш, Қаратоқай бөлімі, Сарт Ералин Исатай Тайманов басшылығымен, барлық шайқастарға басынан аяғына дейін бірге болды. Ол шайқаста казак Бородинді ауыр жаралап, Бородин кейін қаза тапты.

Қорытынды.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған 1836-1838 жылдардағы ұлт-азат-тық күресі қазақ даласында өткен ел мен жер үшін болған көтерілістерден көп айырмашылығы бар. Көтерілістің бас қолбасшысы Исатай Тайманұлының жеке алдына қойған мақсат мүддесі Ресей отаршыл әкімшілігіне қатты қарсы болды. Жайық өзені мен Қамыс самар көлі аймағынан орыс отаршыл әкімшілігін толық қуу талабынан басталған көтеріліс ұшқыны, жалпы халықтық идеяға ұласып, көтерілістің екінші кезеңінде тікелей отаршылдыққа қарсы бағытқа ұласты. Халық азаттығы үшін барлық қазақ жерін біріктіруді, жақсы қарумен ғана соғысуды, әскер тактикасын да барынша кәсібилендіруге ұмтылды. Ресей отаршыл әкімшілігі, жазалаушы әскері Исатайдың дәл осы жоспарын тыңшылар арқылы біліп оны толық талқандауды, немесе тікелей Исатай Таймановты өлтіруді жоспарлады. Бұл жоспар орындалды. Дегенмен, Исатай Тайманов-тың байқаусызда қаза болуы ол басқарған көтерілістің толық жеңілгені емес еді. Қазақ халқының азаттық күресі, жаңа тарихи кезеңдерде, жаңаша көзқараспен, әскери тактикамен жалғасты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахинжанов М. Народный батыр // Социалистическая Алма – Ата. 1938. 8 апреля;
2. Ахинжанов М., Джусупбеков С. Восстание казахов под руководством Исатай-Махамбета // Ленинская смена. 1939. 10 ноября;
3. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Т.1. Алама-Ата, 1936 (Екінші басылымы – 1993. 304 б.);
4. Әбжанов Х. Ұлттың ұлы ұраншысы // Егемен Қазақстан. 2003. 12 қыркүйек;
5. Әлімгереев Ө. Мақаш әкім. (Ганюшкино селосы, Атырау облысы). Ганюшкино, 1992; 116 б;
6. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. Алматы, 1993. 80 б;
7. Бекмаханов Е. Ішкі Орда шаруаларының 1836-1837 жылдардағы көтерілісі // Коммунизм заңы. 1956. 9 мамыр;
8. Бердіғожин Л.Б. Исатай-Махамбет: Азаттық күрес сардарлары. Алматы, 2011.-208 б;
9. Вяткин М. Внутренняя орда и восстание Исатай Тайманова // Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. Том I. С древнейших времен до 1870 г. ОГИЗ. Госполитиздат, 1941. с. 214-263;
10. Вяткин М, К вопросу о крестьянских войнах в Казахстане // Вопросы истории. 1945. №3-4. с.17;
11. Досмұхамедұлы Х. Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет; Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат; Исатай кім? // Таңдамалы. Алматы, 1998. 29-65 беттер;

12. Дулатова Д. *Историография дореволюционного Казахстана (1861-1917 гг.)*. Алма-Ата, Наука, 1984. -272 с.;
13. Есмағамбетов К. *Азат рухтың күрескері*. Алматы, 2003. -176 б.;
14. Зиманов С. *Россия и Букеевское ханство*. Алма-Ата, 1982. -171 с.;
15. *История Букеевского ханства 1801-1852 гг. Сб. док. И материалов*. Сост. Б.Т. Жанаев, В.А. Иночкин, С.Х.Сағнаева. Алматы 2002. -1120 с.;
16. Кенжалиев И. *Тайманұлы Исатай*. Алматы, 1977. -111 б.;
17. Кенжалиев И. *Махамбет Өтемісұлы*. Алматы, 1979. -104 б.;
18. Кенжалиев И. *Исатай-Махамбет*. Алматы, 1991. -192 б.;
19. *Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ)*. 4-қор. 1-тізім. 1964-іс.;
20. *Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ)*. 4-қор. 1-тізім. 1982-іс.;
21. Қасымбаев Ж.К. *Основные проблемы и задачи изучения классовой борьбы казахского крестьянства в советской историографии // Вопросы историографии и источниковедения (дореволюционный период)*. Алма-Ата, 1988. с.5-24.;
22. Қасымбаев Ж. *Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.)*. Орта мектептің 9-классына арналған оқулық. 2-басылымы. Алматы, 1993. -191 б.;
23. Қозыбаев М. *Жауды шаптым ту байлап*. Алматы, 1994 (Мұнда автордың Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтмісұлы туралы тұғырнамасын 115-125 беттерден қараңыз);
24. Қойгелдиев М. *Исатай старшын және Жәңгір хан // Егемен Қазақстан*. 2003. 6 қыркүйек.;
25. Мұқтарова Г. *Национально – освободительная борьба казахского народа в последней четверти XVIII 70-е годы XIX вв. (Актуальные проблемы историографии)*. Авторефер. дис. ... к.и.н. Алматы, 1997. - 27 с.;
26. РФ Астрахань Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты (Аст ОММ). 2-қор. 1-тізім. 288-іс.;
27. РФ Орынбор Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты (Ор ОММ). 6-қор. 10-тізім. 4549-іс.;
28. Рязанов А.Ф. *Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг.)*. В 2-х книгах. Кзылорда, 1926.;
29. Рязанов А.Ф. *Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 гг.)*. Очерки по истории национального движения Казахского народа // *Труды Общества изучения Казахстана*. 1927. Вып. IV. I. VIII. (Бұл еңбек 1991 ж. Қайта жарияланды);
30. Савичев Н.Ф. *Исатай Тайманов – старшина внутренней орды // Уральские войсковые ведомости*. 1876. N46-51; 1877. №1.;
31. Сарай Ә. *Исатай мен Махамбет тарихы*. Алматы: Өлке, 1997. -407 б.;
32. Сербаринов Г. *Исатай Тайманов (Очерк народного движения в Букеевской Орде в 1836-1838 гг.)*. Оренбург, 1925.;
33. Шамғонов А. *Ұлы Дала батыры - Тайманның ұлы Исатай*. 2-басылым. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 408 б.;
34. Шамғонов А. *1836-1838 жылдардағы Қазақстанның батыс аймағындағы халық азаттық көтерілісі // Отан тарихы*. 2022. №4.;
35. Шахматов В.Ф. *Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова*. Алма-Ата, 1946. - 254 с.;
36. Якунин А. *Освободительное движение трудящихся казахов // Большевик Казахстана*. 1939. №6. с. 24-36.;
37. Якунин А. *Исатай Тайманов, вождь национального освободительного восстания казахов в 1836-1838 годах // Исторический журнал*. 1940. 44. с. 73-81

References:

1. Akhinzhanov M. *People's batyr // Socialist Alma-Ata*. 1938. April 8.;
2. Akhinzhanov M., Dzhusupbekov S. *The uprising of the Kazakhs under the leadership of Isatai-Makhambet // Leninskaya smena*. 1939. November 10.;
3. Asfendiyarov S.D. *History of Kazakhstan (from ancient times)*. T. 1. A., 1936 (Ekinshi basylymy – 1993. 304 b.;

4. Abzhanov Kh. *Ultyn uly uranshysy // Egemen Kazakhstan. 2003. 12 kyrkkuyek;*
5. Əlimgeriev Ə. *Makash Akim. (Ganyushkino villages, Atyrau oblasts). Ganyushkino, 1992; 116 b;*
6. Babazhanov S. *Ethnography makalalar. Almaty, 1993. 80 b;*
7. Bekmakanov E. *Ishki Orda sharualarynyn 1836-1837 zhyldardagy koterilisi // Communism zany. 1956. 9 mamir;*
8. Berdigozhin L.B. *Isatay-Makhambet: Azattyk kures sardarlary. Almaty, 2011.-208 b;*
9. Vyatkin M. *Internal horde and the uprising of Isatai Taimanov // Vyatkin M. Essays on the history of the Kazakh SSR. Volume I. From ancient times to 1870. OGIZ. Gospolitizdat, 1941. p. 214-263;*
10. Vyatkin M, *On the issue of peasant wars in Kazakhstan // Questions of history. 1945. N3-4. WITH;*
11. Dosmukhameduly Kh. *Kazak batyrlary: Isatay, Makhambet; Taymanuly Isataydyn kozgalysy turasynda kyskasha maglumat; Isatay kim? // Tandamaly. Almaty, 1998. 29-65 better;*
12. Dulatova D. *Historiography of pre-revolutionary Kazakhstan (1861-1917). Alma-Ata; Science, 1984. - 272 p.*
13. Esmagambetov K. *Azat rukhtyn kureskeri. Almaty, 2003. -176 b;*
14. Zimanov S. *Russia and the Bukeev Khanate. Alma-Ata, 1982. -171 p.;*
15. *History of the Bukeev Khanate 1801-1852. Coll. doc. And materials. Comp. B.T.Zhanaev, V.A.Inochkin, S.Kh.Sagnaeva. A. Almaty 2002. -1120 p.;*
16. Kenzhaliev I. *Taimanuly Isatay. Almaty, 1977. -111 b;*
17. Kenzhaliev I. *Makhambet Otemisuly. Almaty, 1979. -104 points;*
18. Kenzhaliev I. *Isatay-Makhambet. Almaty, 1991. -192 points;*
19. *Kazakhstan Republics Ortalyk Memlekettik Muragaty (KROMM). 4-kor. 1-time. 1964-is; 20. Kazakhstan Republics Ortalyk Memlekettik Muragaty (KROMM). 4-kor. 1-time. 1982-is;*
21. Kasymbaev Zh.K. *Main problems and tasks of studying the class struggle of the Kazakh peasantry in Soviet historiography // Questions of historiography and source study (pre-revolutionary period). Alma-Ata, 1988. p.5-24;*
22. Kasymbaev Zh. *Kazakhstan Tarikhs (XVIII – 1914). Orta mekteptin 9-class arnalgan okulyk. 2-basylymy. Almaty, 1993. -191 b;*
23. Kozybaev M. *Zhaudy shaptym tu bailap. Almaty, 1994 (Munda avtordyn Issatay Taymanuly men Makhambet otmily turaly tugyrnamasyn 115-125 betterden karanyz);*
24. Koygeldiev M. *Isatay elder zhane Zhangir khan // Egemen Kazakhstan. 2003. 6 kyrkkuyek;*
25. Muktarova G. *National liberation struggle of the Kazakh people in the last quarter of the XVIII-70s of the XIX centuries. (Current problems of historiography). Abstract. dis. ... Ph.D. Almaty, 1997. -27 p.;*
26. *RF Astrakhan Region Memlekettik Muragaty (Ast OMM). 2-core 1-time. 288-is;*
27. *RF Orynbob Oblastyk Memlekettik Muragaty (Or OMM). 6-kor. 10-time. 4549-is;*
28. Ryazanov A. F. *Forty years of struggle for national independence of the Kazakh people (1797-1838). In 2 books. Kyzylorda, 1926;*
29. Ryazanov A. F. *The Uprising of Isatay Taimanov (1836-1838). Essays on the history of the national movement of the Kazakh people // Works of the Society for the Study of Kazakhstan. 1927. Issue IV. I. VIII. (Bul enbek 1991 journal Kayta zharyalandy);*
30. Savichev N. F. *Isatay Taimanov - the elder of the inner horde // Ural military news. 1876. N46-51; 1877. №1;*
31. Sarai A. *Isatay men Makhambet tarihy. Almaty: Elke, 1997. - 407 b;*
32. Serbarinov G. *Isatay Taimanov (Essay on the popular movement in the Bukeev Horde in 1836-1838). Orenburg, 1925;*
33. Shamgonov A. *Uly Dala batyrs – Taymannyn uly Isatay. 2-basylym. Nur-Sultan: Foliot, 2019. - 408 b;*
34. Shamgonov A. *1836-1838 zhyldardagi Kazakhstani batys aimagyndagy halyk azattyk koterilisi. // Otan tarihy. 2022. №4;*
35. Shakhmatov V.F. *The Internal Horde and the Uprising of Isatai Taimanov. Alma-Ata, 1946. - 254 p;*
36. Yakunin A. *The Liberation Movement of the Working Kazakhs // Bolsheviknik Kazakhstan. 1939. №6. p. 24-36;*
37. Yakunin A. *Isatai Taimanov, the leader of the national liberation uprising of the Kazakhs in 1836-1838 // Historical Journal. 1940. №4. p. 73-81*

